

Қ. Сарқытқан^{1*}, Д. Мәсімханұлы², А. Әбиденқызы³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Қазақстан, Алматы қ.

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

*e-mail: kaster0102@mail.ru

АДАМ КАПИТАЛЫ МЕН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ МЕМЛЕКЕТТІҢ ГЕОСАЯСИ МҮДДЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ: ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ

Мақалада ұлт пен мемлекет және тәуелсіздік мәселесінде ұлттық экономиканың маңызды орны ортаға салынады. Ұлттық экономиканы өркендететін маңызды үш фактордың (жер мен ресурс, техникалық-өндірістік әлеует және адами капитал) ішінде адами капиталдың маңызды екендігі көрсетіледі. Ол үшін әлемдегі ұлттық байлығы ең мол және бәсекеге қабілеттілігі жоғары елдерді мысалға ала отырып түсіндіреді. Мақалада Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасын экономикалық-географиялық тұрғыда салыстыра талдау жасалады. Екі елдің географиялық орны, табиғи-ресурстық әлеуеті және нарыққа өтудегі ерекшеліктері тұрғысында жан-жақты зерттеулер жасалады. Екі мемлекеттің экономикалық даму деңгейінің алшақ болуындағы себептер іздестіріледі. Қазақстан мен Қытай арасындағы дамудың бірдей болмауының негізгі себебі – адами капитал немесе бәсекеге қабілеттілікте екендігі анық әрі нақты факторлармен дәлелденеді. Мақалада сондай-ақ Қытайдың ұзақ уақыт білім мен ғылымға мән бермеуінен экономикалық-әлеуметтік және саяси тұрғыда әлем елдері ішінде артта қалғаны, алайда нарықтық экономикаға өткен соң ғылым мен білімге барынша көңіл бөлгені және жеткен нәтижесі баяндалады. Қазақстанның білім мен ғылымға бөлген қаржылық әлеуеті Қытаймен салыстырыла талдау жасалады. Мемлекеттің ғылым мен білімге деген көзқарас мен қаржылық қолдауының жоғары болуы сыртқы саудадағы үлесі және салатын инвестициясынан көрініс табатыны тұжырымдалады.

Түйін сөздер: саяси тәуелсіздік, ұлттық экономика, бәсекеге қабілеттілік, адами капитал, ғылымдағы ЖІӨ-нің үлесі, инвестиция, сыртқы сауда.

K. Sarkytkan^{1*}, D. Masimkhanuly², A. Abidenkyzy³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

²R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Kazakhstan, Almaty

³L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kaster0102@mail.ru

The Importance of Human Capital and Competitiveness in the Geopolitical Interests of the State: Based on Kazakhstan-China Relations

The article highlights the important role of the national economy in the issue of the nation, state and independence. The importance of human capital is shown among the three most important factors (land and resources, technical and production potential and human capital) that contribute to the development of the national economy. He explains the countries with the most abundant national wealth and high competitiveness as an example. The article analyses the Republic of Kazakhstan and the people's Republic of China in economic and geographical terms. Comprehensive studies will be conducted in the context of the geographical location, natural resource potential and features of the transition to the market of the two countries. The reasons for the remoteness of the two states' economic development levels will be sought. The main reason for the unequal development between Kazakhstan and China is apparent and demonstrated by human capital or competitiveness factors. The article also notes that China has long lagged behind the world's countries in economic, social and political terms due to the lack of attention to education and science. Still, after switching to a market economy, it paid maximum attention to science and education and achieved results. The financial potential of Kazakhstan in education and science will be compared with China. It is concluded that the state's high level of financial support and attitude to science and teaching is reflected in its contribution to foreign trade and investment.

Key words: political independence, national economy, competitiveness, human capital, the share of GDP in science, investment, foreign trade.

К. Саркыткан¹, Д. Масимханұлы², А. Абиденқызы³

¹Казахский национальный университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы

²Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Казахстан, г. Алматы

³Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

*e-mail: kaster0102@mail.ru

Значение человеческого капитала и конкурентоспособности в геополитических интересах государства: на основе отношений Казахстана и Китая

В статье рассматривается важнейшее место национальной экономики в вопросах нации, государства и независимости. Среди трех важных факторов, способствующих развитию национальной экономики (земля и ресурсы, технико-производственный потенциал и человеческий капитал), указывается, что человеческий капитал наиболее важен. Рассматриваются для примера страны с самым богатым национальным потенциалом и высокой конкурентоспособностью в мире. В статье проводится сравнение и анализ Республики Казахстан и Китайской Народной Республики с экономико-географической точки зрения. С точки зрения географического положения, природно-ресурсного потенциала и особенностей перехода на рынок обеих стран проводятся комплексные исследования. Рассматриваются причины различия в уровне экономического развития двух стран. Доказано конкретными факторами, что основной причиной неравномерного развития Казахстана и Китая является человеческий капитал, или конкурентоспособность.

В статье также показано, что Китай из-за многолетнего пренебрежения образованием и наукой отставал в экономическом, социальном и политическом отношении от стран мира, однако после перехода к рыночной экономике стал уделять науке и образованию максимальное внимание, в результате были достигнуты существенные результаты. Анализируется финансовый потенциал, выделяемый на образование и науку Казахстана в сравнении с Китаем. Делается вывод, что отношение государства к науке и образованию и его финансовая поддержка отражаются на его доле во внешней торговле и инвестициях.

Ключевые слова: политическая независимость, национальная экономика, конкурентоспособность, человеческий капитал, доля ВВП в науке, инвестиции, внешняя торговля.

Кіріспе

Әлемде екі мыңға жуық әр түрлі ұлт құрамында 7,9 млрд-тан артық адам өмір сүреді (<https://www.worldometers>). Соның ішінде 200-ге жуық ұлттың егеменді мемлекеті бар. Қалғандарының тарихи территориясы, ұлттық шаруашылығы, салт-дәстүрі, тілі, тіпті жазуы болса да, ұлттық мемлекетін құра алмай, өзге халыққа бодан болып отыр. Олар үшін тәуелсіз алудан артық бақыт та, мақсат та жоқ. Ал біз егеменді елміз. Алайда, оны баянды ету тәуелсіздік алудан да жауапкершілігі мол міндет. Өйткені, дүниежүзі бойынша 9 – үлкен аумақтағы, халық саны бойынша 64-ші орында тұратын, әлем халқының небәрі 0,24 пайызын құрайтын халқы бар, оның үстіне, ұлттық экономикасы шикізат өндірісіне негізделген әрі айналасында ірі мемлекеттер орналасқан күрделі геосаяси, стратегиялық орында орналасқан мемлекет үшін жауапкершіліктің маңызы тіптен ауыр. Алайда, «тәуелсіздік» дегенде 100 пайыз ештеңеге тәуелсіз болу дегендік емес. Саяси тәуелсіздікті алғанымен, экономикалық, ақпараттық-идеологиялық, әскери қорғаныстық тұрғыда тәуелсіздік ала алмай отырған елдер көп. Осының ішінде саяси


тәуелсіздік басты орында тұрады. Бірақ, оның баянды болуы экономикалық тәуелсіздікке байланысты. Экономикалық тәуелсіздік саяси қауіпсіздіктің кепілі. Экономикалық қауіпсіздік – үздіксіз өзгеріп отыратын, әсер ететін күрделі әлеуметтік-экономикалық категория. Сондықтан экономикалық қауіпсіздік мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің негізі болып табылады. Ал мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ең басты міндет (Ekaterina Grigoreva a1, Liliya Garifova b, 2015). Экономикалық қауіпсіздікке ішкі жалпы өнім, ұлттық байлық, жан басына шаққандағы табыс және т.б. көрсеткіштерді арттыру арқылы жетуге болады. Бұлардың ішінде мемлекеттің ұлттық байлығының маңызы айрықша. Ұлттық байлық – мемлекеттің даму тарихында қорланған адамның материалдық және рухани еңбек нәтижесі мен мемлекеттің жалпы табиғи ресурстық әлеуеті болып, елдің жан-жақты қуатын әйгілейтін маңызды көрсеткіш. Оның құрамына: азаматтардың біліктілігі, ғылым мен техникалық жетістігі, ноу-хау, мәдени құндылықтар, өткеннің тәжірибесі және т.б. құндылықтар қамтылады. 1-кестеден әлем байлығын иелеген 10 елдің қазіргі және болашақтағы жағдайы қарастырылған (www.visualcapitalist.com).

1-кесте – Әлемдік байлықты ұстап отырған 10 елдің бүгінгі мен болашағы

Дәреже	Ел	Байлық (2018)	Байлық (2028F)	Шамамен. Өсу
№1	АҚШ	60,7 трлн	72,8 трлн	20%
№2	Қытай	23,6 трлн	51,8 трлн	120%
№3	Жапония	19,1 трлн	24,9 трлн	30%
№4	Үндістан	8,1 трлн	22,8 трлн	180%
№5	Австралия	6,0 трлн	10,8 трлн	80%
№ 6	Біріккен Корольдігі	9,1 трлн	10,0 трлн	10%
№ 7	Германия	8,8 трлн	9,7 трлн	10%
№ 8	Канада	6,0 трлн	7,8 трлн	30%
№ 9	Франция	5,9 трлн	6,4 трлн	10%
№10	Италия	3,8 трлн	4,2 трлн	10%

Бұл кестеден дүниежүзі елдерінің ішінде мемлекеттердің ұлттық байлығы мол елдер – дамыған елдер екенін анық көруге болады.

Ал осы ұлттық байлықтың қалыптасуының көптеген алғы-шарттары болады. Соның ішінде бастылары келесі суретте көрсетілген.



1-сурет – Ұлттық байлықты құрайтын басты факторлар

Суретте көрсетілгендей, жер, табиғи ресурстық әлеует және өндірістік, техникалық жағдай, сондай-ақ адами капитал сынды үшеуінің ұлттық байлықты құрайтын негізгі фактор екендігі бүгінгі күннің ғылыми шындығы. Осы үш фактордың ортақ әрі жиынтық дамуы Жалпы Ішкі Өнімді (ЖІӨ) белгілейді. Ал ЖІӨ – мемлекеттердің даму деңгейін айқындайтын маңызды экономикалық көрсеткіштердің бастысы.

Біз осы үш фактордың ішінде алдыңғы екі факторды негізге ала отырып, Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасын са-

лыстырмалы басым бағыттарын саралап, талдап көрейік. Сол арқылы мемлекеттер арасындағы даму деңгейінің түрліше болуының себебі мен салдарына талдау жасаймыз.

Екі елдің басым бағыттары бойынша салыстырмалы талдаудан қарағанымызда айырмашылықтың аса үлкен еместігін, бірақ айырым салалар бойынша тым алшақтық барын көреміз (3,7,10,11 пункттер бойынша). Осы айырмашылықтарды азайтуға толықтай мүмкіндік бар. Ал ол мүмкіндікті мақаламызда толықтай айтамыз және ғылыми тұрғыда дәлелдейміз.

2-кесте – Екі мемлекеттің салыстырмалы басым бағыттары

Қазақстанда		ҚХР-да
1	Табиғи ресурстарға бай.	Табиғи ресурстарға бай.
2	Қолайлы географиялық орналасу. Еуразияның ортасында орналасуы.	Қолайлы географиялық орналасу. Теңізбен де, құрлықпен шектесіп жатуы.
3	Саяси тұрақтылық.	Саяси тұрақтылығы мен әскери қуаты.
4	Қолайлы бизнес-климат.	Қолайлы бизнес-климат.
5	Инвесторлар құқығының қорғалуы.	Инвесторлар құқығының қорғалуы.
6	Агроклиматтық және агроөндіріс негізінің болуы.	Агроклиматтық және агроөндіріс негізінің болуы.
7	Жер аумағының кеңдігі мен халық санының аздығы.	Жер аумағының кеңдігі және жеткілікті тұтынушысының болуы.
8	Халықтың жаппай сауаттылығы.	Халықтың негізінен сауаттылығы.
9	Дәстүрлі өндіріс негізінің болуы	Дәстүрлі өндіріс негізінің болуы.
10	Тауар тұтынушы, жарым-жартылай өндіруші.	Тауар өндіруші, экспорттаушы және тұтынушы.
11	Квазимемлекеттік секторлары және олардың өнімсіз жұмыстары.	Трансұлттық компаниялардың болуы және олардың үздіксіз кенеюі.

Әдістеме

Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық және басқа салалар бойынша айырмашылық болудың себебі мен салдарын екі мемлекеттің ұлттық байлығын құрайтын маңызды үш фактор арқылы зерттеуде, екі мемлекеттің геоэкономикалық басым бағыттарын, әлеуетін географиялық орны, табиғи-ресурстық әлеуеті, экономикалық-әлеуметтік және жол-көлік мүмкіндіктерін, инвестиция тартудағы ахуалын және т.б. артықшылықтары арқылы салыстыра талдаймыз. Соңында, адам капиталының маңызын, сондай-ақ оның дамуының алғы-шарттарын қарастырамыз. Ол үшін тарихи, баяндау, географиялық модельдеу (Географияда: сөздік, графикалық, картографиялық, математикалық, т.б. модельдеу әдістері), статистикалық және салыстыра талдау әдістерін негіз етіп қолданамыз.

Зерттеу нәтижелері мен талдаулары. Біз жоғарыда көрсетілген 2-кесте арқылы Қазақстан мен Қытайдың жалпы экономикалық-географиялық, саяси-әлеуметтік, білім және мәдениет секілді салалары бойынша сараладық. Бұл арқылы екі мемлекет арасындағы алшақтықты іздедік. Енді екі мемлекеттің ұқсас тұстарын қарастырамыз. Мәселен:

- Социализмді бастан кешкен ортақ тарихи дамуы;
- Географиялық ортасы мен табиғи ресурстық әлеуетінің жақындығы;

- Азиялық халық ретінде ортақ нәсілдік ерекшелік пен дәстүрге бай мәдениеттерінің болуы;

- Жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға қарайлас кезеңде өткен дәуірлік сәйкестік және т.б. ерекшеліктер.

Екі мемлекет арасындағы «жақындық» пен «алшақтық» тұрғыдағы қарастыруларымыз бойынша саралағанда, екі елдің даму деңгейі шамалас болуы керек еді. Алайда, 1-кестеде Қытай әлемдік деңгейдегі екінші бай мемлекет болып отыр. Біздің орнымыз көрсетілмеген. Оның себебі неде? Бұл жерде басты айырмашылық үш фактордың ішіндегі (жер, табиғи ресурстық әлеует және өндірістік, техникалық жағдай, сондай-ақ адами капитал) – адами капиталда болып отыр.

«Адами капитал» терминін алғаш рет өткен ғасырдың 70-жылдарында Нобель сыйлығының лауреаты, экономист Теодор Шульц қолданысқа енгізді. Адами капитал – адамдардың өндіріс процесіне қатысу кезіндегі қабілеті мен білімі, еңбек ету дәрежесі. Адам капиталының инвестициясына – денсаулық сақтауға, оқуға, техникалық білім алуға кеткен шығындар қамтылады. Адам бойындағы барлық қабілет туа бітеді және өмірлік дағдымен дамиды. Тиісті қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы осындай құнды қабілеттер – адами капиталдың негізі болады. Адами капиталдың дамуы қоғамдық өндірісті дамытып, ұлттық байлықты көбейтеді. Адами капиталдың негізі

саналатын – білімге жұмсалған инвестиция болашақта орта есеппен жылына 12-14 % табыс беретіні, тұрғындардың адами капиталын дамыту елдің жалпы экономикалық өсіміне қол жеткізуіне әкелетіні, адами капиталды 1 %-ға ғана арттыру, ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы өсімін 3 %-ға дейін арттыратыны ғылымда дәлелденіп отыр. Сондықтан бүгінде әлемнің дамыған мемлекеттерінде адами капиталға инвестиция салу болашақта мол табыс әкелетін дәстүрлі бизнес жоба ретінде қабылданған. Демек, мемлекеттің адами капиталының әлеуеті – сапалы білім мен ғылымда. Жоғары оқу орындар жүйесі қаншалықты тиімді жұмыс істейтін болса, ел экономикасының дамуы да соншалықты нәтижелі болмақ.

Адами капиталдың дамуы мемлекеттің ұлттық экономикасының бәсекелестікке қабілет-

тілігін айқындайды. Жоғарыда сұрағымызға келетін болсақ, Қазақстан мен Қытай арасындағы басты айырмашылық табиғи факторлардың немесе өндірістің орналасуында емес, адами капиталдың алшақтығында жатыр. Егер табиғи ресурстық және өндірістік әлеуеті тұрғысынан қарайтын болсақ Қазақстан әлемдегі ұлттық байлыққа ең бай мемлекет болар еді. БАӨ-нің бұрынғы билеушісі шейх Зайд бин Сұлтан Әл-Нахаян айтқандай: «Ел картадағы аумағының көлемімен өлшенбейді. Ел шынымен де өзінің мұрасы мен мәдениетімен өлшенеді». Оған төменде айтылатын әлемдік деңгейде бәсекелестік қабілеті дамыған елдердің жағдайы мысал болады. 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі 10 жылдық дамуын қарастырғанымызда төмендегідей нәтижеге ие болдық (3-кестеге қараңыз) (www.weforum.org. 2010-2020).

3-кесте – Әлем елдерінің бәсекелестік қабілеті бойынша алдыңғы жетілік (2010-2020 жж.)

2010-2011	2011-2012	2012-2013	2013-2014
Switzerland Sweden Singapore United States Germany Japan Finland	Switzerland Singapore Sweden Finland United States Germany Netherlands	Switzerland Singapore Finland Sweden Netherlands Germany United States	Switzerland Singapore Finland Germany United States Sweden Hong Kong
2014-2015	2015-2016	2016-2017	2017-2018
Switzerland Singapore United States Finland Germany Japan Hong Kong	Switzerland Singapore United States Germany Netherlands Japan Hong Kong	Switzerland United States Singapore Netherlands Germany Hong Kong Sweden	United States Singapore Germany Switzerland Japan Netherlands Hong Kong
2018-2019	2019-2020		
Singapore United States Hong Kong Netherlands Switzerland Japan Germany	Singapore Denmark Switzerland Netherlands Hong Kong Sweden Norway		

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген елдердің ішінде АҚШ-тан өзге елдердің аумақтық және табиғи ресурстық әлеуеті өте төмен. Сингапур, Гонконг тіпті, қалалық әкімшілік бірліктер. 2010-2017 жылға дейін әлемдік біріншілікті бермей келе жатқан Швейцария Орталық Еуропадағы

теңізге шығар жолы жоқ мемлекет. Жер ауданы 41,285 шаршы шақырым. Халқы 8,5 млн (2020 ж.). Бұл мемлекеттің ұлттық байлығын еселеуде, ЖІӨ-ні көбейтуде жер аумағының үлкендігі, табиғи ресурстарының молдығы басты фактор емес екендігін ұғындырады.

Әуелгі сөзімізге қайта оралайық. Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстарды салыстырмалы түрде қарастырғанымызда осы бәсекелестік қабілетке қатысты қарастыруымыз керек болады. Бұл тақырыптың маңыздылығы сондай – мектеп оқулықтарында да орын берілген. Жаңартылған бағдарлама бойынша жазылған 11-сыныптың Жаратылыстану және математика бағытындағы «География» оқулығының Елтану бөлімінің 56 параграфы

«Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтингі» деп аталады. Қазіргі кезде әлем елдерінің бәсекелестік қабілеті Ғаламдық Бәсекеге қабілеттіліктің бірыңғай индексі (*Global Competitiveness Index*) арқылы есептелінеді. Онда маңызды үш индекс пен оның 286 индикаторы қарастырылған (*Каймулдинова, 2020*). Осы оқулықта барлық индикаторлар 9 интегралдық көрсеткіштер аясында жинақталған (4-кестеге қараңыз).

4-кесте – Мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің интегралдық көрсеткіші (GCI)

Базалық факторлар	Тиімділік факторы	Инновациялық факторлар
1. Институттар 2. Инфрақұрылым 3. Микроэкономика 4. Денсаулық және бастауыш білім беру	1. Жоғары білім беру және кәсіптік оқыту 2. Нарықтың тиімділігі 3. Технологиялық дайындығы	1. Инновациялық қабілеті 2. Іскерліктің даму деңгейі

Мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін есептейтін әрі бағалайтын бірегей халықаралық ұйым – Дүниежүзілік экономикалық форум деп аталады. Форумның 2019 жылғы мәліметіне негізделсек, әлемнің 141 елінің ішінде алдыңғы үштікті АҚШ, Сингапур және Германия иеленсе, Қазақстан 55 орынды місе тұтқан. Біздің қарастырып отырған мақаламыздың тақырыбына сай, оқулықта көрсетілген көрсеткіштерді талдау жасайтын болсақ, білім мен ғылым саласына қатысты «Біліктілік/ Skills» көрсеткіші бойынша Қазақстан 57-ші орынға жайғасқан. Ал «Инновация деңгейі/The Innovation capability» бойынша 95-ші орынға жайғасқан. Сәйкес көрсеткіштер бойынша Қытай Халық Республикасын (ҚХР) қарастырар болсақ 28-ші, 64-ші және 24-ші орындарды иеленген (www.weforum.org). Көршілес екі мемлекетті осы 3 көрсеткіш бойынша салыстырсақ, жалпы бәсекелестіктің қабілеті бойынша ҚХР алдыңғы 30 елдің ішінде тұрса, біздің ел 60 елдің ішінде орналасқан. Бұдан Қытай мемлекетінің бәсекелестік қабілеті жағынан бізден 2 есе қуатты екенін аңғарамыз. Ал, білім мен ғылым, инновация жағынан қарастырсақ, екі түрлі нәтижені көреміз. Бірі, біліктілік тұрғысынан біз Қытай елінен алдамыз. Қытай бізден кейінгі 8-орында тұр. Бірақ, Инновацияға (*жаңа техника, жоғары құндылық жаратуда – Қ.С.*) олар бізден көш ілгері. Қытай мен біздің елдің арасында 71 мемлекет орналасқан. Осы инновациялық саладағы аса зор алшақтықтың болуы біздің ел ұлттық экономикасының Қытайдан артта қалуының не-

месе Қытай тауарларының тұтынушысы болып қалуымыздың негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Қытай елінің осындай нәтижеге жетуінің себебін қарастырғанымызда, алдымен олардың 1949 жылдан бергі (ҚХР құрылған уақыт) білім беру жүйесінің жалпы даму жағдайына назар салуымыз қажет болды. ҚХР құрылған күннен бастап, 1979 жылға дейінгі кезеңде білім және ғылым саласы барынша мешуе әрі қоғамдық орны төмен сала болып келді. Олай болуына ел көлемінде өткен түрлі саяси науқандар себеп болды. Бұл үздіксіз жүрілген саяси-әлеуметтік және мәдени революциялық науқандар экономика мен ғылым-техника саласын барынша тұралатты. Тек, Қытай *Коммунистік* партиясы *Орталық комитетінің* 1978 жылғы 11 кезекті 3-ші жалпы мәжілісінің шешімімен нарықтық экономикалық реформаларға өтуіне орай, білім және ғылым-техника саласы дамытудың 4 басты бағытының бірі ретінде танылып бекітілді. Содан кейін біртіндеп дами бастады.

Қытай білім-ғылым саласының бүгінге дейінге даму жағдайын құрылымдық тұрғыдан 3 түрлі бағыт бойынша қарастырсақ төмендегідей қорытынды жасауға болады:

Негізгі білім берудегі жалпы жағдайы табысты болды. ҚХР құрылған 1949 жылдан бері 70 жылдық даму барысында негізгі білім беруі (оның ішінде мектепке дейінгі білім беру, міндетті білім беру және орта мектепте білім беру) тамаша жетістіктерге жетті. Мысалы, 2018 жылға қарай бүкіл ел бойынша 235 млн

910 мыңнан артық оқушысы бар 504,800 негізгі білім беретін мектептер пайда болды. Осы білім берудің даму көрсеткіші бойынша орташа және жоғары табысы бар елдердің орташа деңгейіне жетті. Соның нәтижесінде Қытайдың негізгі білімі әлемдегі ең үлкен және ең көп таралған білім саласына айналды.

Мектепке дейінгі білім беру қарқынды дамыды. 70 жылдық даму барысында мектепке дейінгі білім беру айтарлықтай дамыды. Мысалы, 2019 жылы бүкіл ел бойынша жұмыс істеп тұрған балабақшалар саны 266,700 болып, онда 18 млн 639 мыңнан артық мектепке дейінгі балалар (3-6 жас арасы) мен 46 млн 564 мыңнан астам бүлдіршіндер тәрбиеленуде. Осы мекемелерде 4 млн 531 мыңнан астам мұғалімдері мен қызметкерлер жұмыс істейді. Мемлекет бойынша мектепке дейінгі біліммен қамтудың жалпы деңгейі 81,7 %-ға жеткен.

Жоғары оқу орындарының «үлкен, бірақ күшті емес» проблемасы әлі де өзекті болып отыр. Орта мектепте білім берудің бастауыш мектеп оқушыларының орта мектептерге қабылдау коэффициентінің тұрақты өсуімен ерекшеленеді. Бұл жағынан әлемдегі жоғары табысты елдердің орташа деңгейінен асып түсіп отыр. Мысалы, 2018 жылы бастауыш мектеп оқушыларының тестілеу нәтижесінде орта мектепке қабылдануы 94,2%-ға жеткен. Бұл коэффициент 2003 жылы 43,8 % екенін ескергенде, даму жылдамдығының аса жоғары екенін көреміз. Алайда, осынша көп түлектердің университеттерге қабылдануының GER немесе GEI¹ деңгейі – 40 %. Бұл туралы Бүкілқытайлық халық жиналысы тұрақты комитеті төрағасының орынбасары Чэнь Чжу мырзаның осыдан біраз жыл ілгері жасаған баяндамасынан цитата келтірер болсақ: *«Жаңа ғасырдың басынан бастап еліміздің жоғары білімі керемет нәтижелерге қол жеткізді. Студенттер саны бойынша әлемде бірінші, университеттер саны бойынша екінші орында. Ал жалпы қабылдану деңгейі – 40 %. Бұл дүниежүзілік орташа көрсеткіштен жоғары. Бұл халықтың жоғары білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандырады және экономикалық және әлеуметтік дамуға қажетті кадрлық және зияткерлік*

сұраныстарды қамтамасыз етеді. Бірақ тұтастай алғанда, еліміздің жоғары білімінде «үлкен, бірақ күшті емес» проблемасы әлі де өзекті болып отыр. Бұл мәселе жоғары білім беру ресурстарының бөлінуі мен құрылымының ұтымдылығы тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, кадрларды даярлау сапасы, ғылыми зерттеулер мен инновациялық мүмкіндіктер, халықаралық бәсекеге қабілеттілік пен ықпал ету жағынан дамыған елдермен үлкен алшақтық бар» деген (Чэнь Чжу, 2016).

Қытайдың осы 70 жылдан бергі даму жағдайына талдау жасағанымызда, басты назарды міндетті оқу-ағарту мен орта білімге қойғанын көреміз. Себебі, бұл буын аса маңызды еді. Экономикалық және әлеуметтік жақтан әлі даму үстіндегі, халық саны өте көп мемлекет үшін оқуға дейінгі балалардың біліміне көңіл бөлудің мүмкіндігі болмады. Ол тұста, жоғары білім саласы да саяси науқаншылықтың зардабын тартты. ЖОО-ға түсуде әрі кедей, әрі нағдан адамдардың мүмкіндігі жоғары болды. Ал дәулетті адамдардың ұрпағының білім алуы қиын болды. Оның үстіне, оқытушылардың қоғамдық орны барынша төмендетіліп «сасық тоғызыншы» деген атаққа қалды. Уаң Яңзонның «Зиялылар: сасық тоғызыншыдан социалистік құрылыстың маңызды бөлшегіне айналғанға дейін» атты мақаласында мәдениет революциясы тұсында зиялы қауымның барынша зардап шеккенін айтады. Оның келтірген дерегі бойынша: «Мәдени революция» кезінде зиялыларды қудалау жан түршігерлік деңгейге жеткен. Тергеу мәліметтері бойынша, 1968 жылы Қытай ғылым академиясының ғалымдар отбасынан 1909 отбасы теперіш көріп, 229 ғалым өлтірілген. Академияның Бейжің бөлімшесінде 170 жоғары дәрежелі ғалымдардың 131-і қудалауға ұшыраған. Фудан университетінде 60-тан астам ғалым азаптап өлтірілген. Әр түрлі айыппен Пекин университетінің 1000-ға жуық маманы оқшаулатылған. Әйгілі Цинхуа университетінде 1000-ға жуық адамның үстінен іс қозғалған. Шанхай өсімдіктер физиологиясы институтының 360 қызметкерінің 142-сіне «күдікті» деген айып тағылған. Қысқаша айтқанда, білім қылмысқа, зиялылар қылмыскерлерге айналды. Олар қоғамның ең төменгі сатысындағы адамдарға айналған (Fan Pik Shy, 2017). 1966 жылғы тамыз айындағы білім саласының қызметкерлеріне, оқытушыларға, ғалымдарға қаратылған 2 айға жалғасқан тамыз қырғынында бір ғана Бей Жің қаласынан 100 шамасында адамдар қудаланып, неше он мың

¹ Gross Enrolment Ratio or Gross Enrolment Index – Бұл білім берудің көрсеткіші. Ол ЮНЕСКО-ның білім индексін есептеу кезінде қолданылды. Түрлі білім беру деңгейіндегі (бастауыш, орта мектеп, университет) білім алушылар санының сәйкес келетін деңгейлер бойынша оқуға түсуге тиісті жалпы адам санына қатынасы. www.un.org/indicators/methodology

адам түрлі жағдайда өлтірілген. Қызыл белсенді жастар сұрақсыз, тергеусіз, сотсыз өлтіруге, үй-мүлкін тартып алуға құқылы болған. Крематорийге күні-түні мүрделер тасылған (Уан ючунь, 2004). Тарихқа көз жіберсек, білім және ғылым саласында еңбек еткен адамдардың орны ежелден төмен болған секілді. Мысалы, «Юань династиясы бір кездері адамдарды он тапқа бөлген. Жоғары таптан төменгі тапқа қарай ретімен орналастырсақ: ұлықтар, ұсақ шенділер, монахтар, Даосизмді ұстанушылар, қолөнершілер, жұмысшылар, малшылар мен аңшылар, жезөкшелер, оқымыстылар және қайыршылар (Fan Pik Shy, 2017). Егер автордың жазғанына сенер болсақ, көне қытай қоғамында да зиялылардың орнының өте төмен болғанын көреміз. Олардың орны жезөкшелерден де төмен, тек қайыршылардың ғана алдында болған. Міне осындай қоғамдық орны төмен, биліктен барынша теперіш, қараңғы халықтан қолдау көрмеген білім саласының реформалардан соң қысқа ғана 30-40 жыл ішінде әлемдік деңгейде дамыған салаға айналуының басты себебінің бірі – мемлекеттік биліктің дұрыс көзқарасы мен қолдауы екенін көруге болады. Мысалы, ЖІӨ-нің білім-ғылым саласына бөлінетін үлесі де жыл өткен сайын артып келеді. Бұл көрсеткіш бойынша дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен шамалас. 2018 жылғы әлемдік орташа шама 4,9% болса, Қытайдың соңғы 8 жыл көлеміндегі жағдайы осы орташа шамаға жақын болған.

5-кесте – Қытайдың ғылым саласына бөлетін ЖІӨ үлесі (2012-2019 жж. %) (m.news.cctv.com)

Жылдар	ЖІӨ-дегі үлесі
2012	4,28
2013	4,16
2014	4,15
2015	4,26
2016	4,22
2017	4,14
2018	4,11
2019	4,04

Ал Қазақстандағы жағдайды айтар болсақ, 2018 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 131 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Оның ішінде ұлттық – 10, мемлекет – 31, азаматтық емес – 14, АОО – 1; халықаралық – 1; акционерлік –

18, жеке – 56. 2017 жылы Қазақстанның жалпы білім беретін білім беру шығыстары жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 3,7%-ын құрады. Жоғары білім беруге жұмсалған мемлекеттік шығыстардың үлесі ЖІӨ-нің 0,3%-ында үнемі төмен болып қалуда, ғылымға жұмсалатын қаражат ЖІӨ-нің 0,2%-ынан аспайды (Скиба, 2018).

Академик Оразалы Сәбденнің келтірген мәліметіне негізделгенде елімізде ғылымға бөлінетін қаржы жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) шаққанда не бәрі 0,13 % ғана. Бұл 28 жылда ең төменгі көрсеткіш. Бізге дамыған елдерден көп қалмау үшін, кем дегенде ғылымға бөлінетін қаржы ЖІӨ-нен 2 % болу керек. Білімге бізде 4 %-дан кем емес болғанда әлемдік орташа деңгейге жетуге болады. Ал 6%-дан кем болмағанда жастарды барлық деңгейде тегін оқытуға болады екен (Оразалы Сәбден, 2018).

ЖІӨ-нің өсуі туралы Қазақстанда 2019 жылы өсім 4,1 % болып, 27,7 трлн теңгені құраған. 2020 жылы өсім 2,6 % болып, 14 трлн теңге шамасында болған, бұл туралы Руслан Даленов айтқан (www. Inform бюро).

6-кесте – Екі мемлекеттің ЖІӨ салыстырмасы

Қазақстан	ҚХР
2019 жыл	2019 жыл
Өсім – 4,1 % 27,7 трлн теңге (66,7 млрд АҚШ долл.)	Өсім – 6,1 % 100 трлн. юань (14,34 трлн АҚШ долл.)
2020 жыл	2020 жыл
2,6 % 14 трлн теңге	2,3 % 101 трлн юань
Салыстырма: 1 АҚШ долл. = 415 теңге	1 АҚШ долл. = 6,5 юань

Осы кестедегі екі елдің 2019 жылғы ЖІӨ сомасын салыстыратын болсақ, Қытайдың ЖІӨ біздің елдің ЖІӨ-ден 215 есе үлкен екенін көреміз. Бұл Қытайдың ғылымға бөлінетін қаржысының аса мол ақша екенін ұғындырады. Егер, біздің елде ғылымға бөлінетін ЖІӨ-нің пайыздық мөлшерін Қытайдың деңгейіне 4,04 % (2019 ж.) көтерген күннің өзінде Қытайдың бөлген 4,04 % шалымына келмейтіні анық. Тең дәрежеде болу үшін біздің ЖІӨ-нің жалпы сомасы да 215 есе өсуі керек болады. Ол мүмкін бе? Ол да мүмкін, оның себебін соңында айтамыз.

Мектеп оқулығында екі елдің бәсекеlestік қабілетіне қатысты ашып айтылмаған. Ол мек-

теп бағдарламасына сыймауы да мүмкін. Алайда, ғылым және білім саласына қатысты өзге де маңызды көрсеткіштерді кеңінен қарастыру

ізденушілер үшін, ғалымдар үшін де қажетті. Осы салыстыру арқылы төмендегідей нәтижеге ие боламыз (7-кестеге қараңыз).

7-кесте – Дүниежүзілік бәсекелестік қабілеттіліктің кейбір көрсеткіштері бойынша ҚХР мен Қазақстан ие болған орындарын салыстыру (www.weforum.org)

Көрсеткіштері	ҚХР	ҚР
Қайта дайындау	38	77
Кәсіптік оқыту	41	90
Бітіруші түлектердің (оқушылар мен студенттердің) кәсіби шеберлігі	35	95
Мектеп оқушыларының біліктілігі	24	78
Университет студенттердің біліктілігі	57	107
Оқытудағы сыни ойлау (оқыту стилін бағалау)	25	48
Зерттеулер мен әдебиеттер	12	109
Бизнес (өндіріс) пен университеттердің кәсіби байланысы	27	70
Бастауыш білім берудегі оқытушы мен оқушылардың сандық байланысы	27	74
ЖІӨ-дегі ғылым-білім салаларына жұмсалған қаржының үлесі бойынша	15	101
Дәйеккөздеріне ие ғылыми басылымдардың жариялануы бойынша	13	111

Қайсы саланы алып қарасақ та, Қытай бізден ілгері тұр. Кейбір сала бойынша 2 еседен артық болса, кейбір салаларда тіпті 8-9 есе артық. Әсіресе, зерттеулер мен әдебиеттер, ЖІӨ-дегі ғылым-білім салаларына жұмсалған қаржының үлесі бойынша және Дәйеккөздеріне ие ғылыми басылымдардың жариялануы бойынша Қытай

бізден оқ бойы озық тұр. Оның түп себебі, ғылым саласын қаржыландырудың өте төмен болуымен байланысты. Мысалы, халықаралық дәйеккөздеріне ие беделді ғылыми басылымдарда 2020 жылдың соңындағы талдауға негізделгенде алдыңғы 20 елдің реті төмендегідей (Statistical Data of Chinese S&T Papers):

8-кесте – Сапасы жоғары ғылыми журналдардағы жарияланымдардың мемлекеттік саны мен үлесі

Реті	Мемлекет	Мақалалар саны	Үлесі
1	АҚШ	62717	32.89
2	Қытай	59867	31.40
3	Ұлыбритания	19875	10.42
4	Германия	16515	8.66
5	Канада	11232	5.89
6	Франция	11204	5.88
7	Австралия	10990	5.76
8	Испания	8760	4.59
9	Италия	8418	4.42
10	Жапония	7927	4.16
11	Корея	7126	3.74
12	Нидерланды	6955	3.65
13	Швейцария	6010	3.15
14	Үндістан	5410	2.84

Реті	Мемлекет	Мақалалар саны	Үлесі
15	Швеция	4761	2.50
16	Бразилия	4539	2.38
17	Иран	3689	1.93
18	Бельгия	3669	1.92
19	Дания	3603	1.89
20	Сингапур	3114	1.63

Қазақстан да жыл өткен сайын, білім мен ғылымға қаржы бөлуді арттырып келеді. 2019 жылдың желтоқсан айында «ғылымды дамытудың 2020-2025» бағдарламасы қабылданды. Онда 11,5 млрд теңге бөліну жоспарланған. Алайда, ұзақ уақыт, әсіресе, егемендіктен соңғы экономикалық-әлеуметтік дағдарыс кезінде елімізде ғылыммен айналысатын адамдардың саны күрт азайды. Өзге елдерге кету және күнкөрістің қамына ойысу бұл салада адамдардың азаюына түпкі себеп болды. Сондықтан да елімізде ғалымдардың саны аз (оның ішінде жалған ғалымдар да бар). Елімізде 1 млн тұрғынға шаққандағы ғалымдар саны 662 адам. Ал бұл көрсеткіш Ресейде 2852 адам, Беларусьта 1805, АҚШ-та 4256 адам (Qazaq-газеті, 2020). Біздің үкіметтің алдында ғылымды қаржыландырумен бірге, ғылымға келетін жастарды көбейту мәселесі тұр. Себебі, қаржының артуы барлық мәселені шешіп тастамайды. Адам баласының өзге де қажеттіліктерін, мәселен, қоғамдық орнын, мәртебесін көтеру, баспана алуда өте төмен өсіммен ақша беру, балаларын балабақшаға кезекке қоюда, спортпен айналысуда, медициналық көмек алуда және өзге де қоғамдық тұтынушы ретіндегі жеңілдіктерге ие болуы тиіс. Одан тыс, жалпы қазақ қоғамының білім және ғылым саласындағы қызметкерлерге деген құрметі қалыптасуы керек. Осы қоғамдық құрметтің пайда болуында ел өкіметінің тікелей әсері болады. Өкімет өзінің білімі мен ғылымын дамытушы адамдарға дұрыс көзқараспен қарай бастағанда, халық та солай қарайтын болады.

Біздің ғалымдардың өзге елдің ғалымдарынан еш жері кем емес. Кеңестік билік тұсында Қазақстанда ғылым мен білімнің жақсы дамығанын, ғалымдарға жағдайдың жақсы жасалғанын білеміз. Соның әсері әлі де үзілген жоқ. Сол кездегі ғалымдарымыздың бір шоғыры әлі ортамызда жүр. Елімізде ғылым саласына көңіл бөлінгелі ғалымдарымыздың халықаралық

сапалы ғылыми журналдарда жариялайтын мақалаларының саны өскен. Мысалы, 2011-2019 жылдар арасында «Web of Science» басылымында 28,973, «Scopus» 33116 мақала жарық көрген. 2019 жылы «Web of Science» басылымында 3704 мақала жарық көрген (2011 жылдан 8,7 есе көп), Ал «Scopus» бойынша жарияланған мақалалар саны 2011 жылдан 8,5 есеге артқан. Бұл жақсы көрсеткіш. Егер ғылымды қаржыландыру мен қоғамдағы орнын көтерген сайын бұл көрсеткіштің артатындығын көреміз. Осы көрсеткіш негізінде 122 елдің ішінде 87 орынды иелеген болсақ, онда, таяу болашақта алдыңғы қатарларға шығарымыз анық (Forbes.kz/news).

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы көрші елдер болғандықтан, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас көптеген салаларды қамтиды. Сондай келісімді байланыстардың бірі – қос мемлекеттің Білім-Ғылым Министрлігінің 2003 жылғы «Білім беру саласында ынтымақтастық» туралы келісімі мен 2006 жылғы «Қазақстанда алғашқы Конфуций институтын ашу» туралы келісімі болып табылады (<https://www.gov.kz/>). Осы қабылданған келісімдер мемлекеттер арасындағы білім берудегі өзара ынтымақтастықты дамытып келеді. Осы мүмкіндікті пайдаланған қазақстандық жастар өзге де елдер қатарында Қытайда білім алу ойларын іске асырып келеді. Қытайдың білім және ғылым саласындағы жетістігі әлем жастарын өзіне тарта түсті. ҚХР Білім Министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, 2019 жылы Қытайда 2956 мемлекеттік және 784 жеке ЖОО бар және ондағы жалпы студенттердің саны – 40,2 миллионнан астам (www.moe.gov.cn). Қытай өкіметі нарықтық реформаның алғашқы кезеңінде өз студенттері мен оқытушыларын шетелге белсенді түрде жіберсе, қазір шетелдік студенттер Қытайға көптеп келуде.

Қазақстандық білім алушылар үшін Қытай

Ресейден кейінгі ең көп қабылдаушы мемлекет мәртебесіне ие болып отыр. Ресейде 28 мың, өзге шет елдерде 50 мыңнан астам қазақстандық студент білім алуда (Байтасов, 2019). Қытаймен арадағы білім беру саласындағы мемлекетаралық және ведомствоаралық келісімдер 2000-шы жылдардан бастау алады. Мысалы, 2003-2004 жылдары Қытайда өкіметаралық алмасу бағдарламасы бойынша 20 қазақстандық студент білім алса, 2018 жылы студенттер саны 17600-ге жеткен (Serikkaliyeva, 2019). Оның ішінде қазақстандық 14 мың студент ҚХР-дың жоғары оқу орындарында өкіметтік гранттары негізінде білім алуда (kursiv.kz/news/obrazovanie). Қазіргі таңда білім гранттары мен жәрдемақы шетелдік студенттер ағынын қалыптастырушы бірден-бір фактор болып отыр. Сондай-ақ, Жібек жолының «Бір белдеу, бір жол» жобасының траекториясы бойынша Азия, Еуропа және Африканың 18 мемлекетінен білім алып жатқан әр грант иегеріне жылына 20 мыңнан – 30 мың юаньға дейін қаржы бөлінеді (Гурулева, 2017).

Статистикаға сүйенсек, Қытайда оқитын қазақстандық жастар халықаралық қатынастар, әлемдік сауда, бизнес және т.б. гуманитарлық мамандықтар мен мұнай барлау мен өндіру, машина жасау, құрылыс секілді техникалық мамандықтарда оқиды. Сонымен бірге Қазақстанда сирек және мүлдем кездеспейтін мамандықтарда оқу шетелде білім алудың үрдісіне айналууда (www.moe.gov.cn/srcsite). Қалай болмасын қазақстандық жастардың қытайлық ЖОО-да білім алу мүмкін болса, сол жерде жалғасты жұмыс істеуге талпынуының өзіндік негізгі себептері бар. Олар:

Бастысы, отандық білім берудің сапалы еместігі. Оған жоғарыда айтылған білім мен ғылымды қаржыландырудың жеткіліксіз болуы, жаңа ғылым салаларының оқытылмауы, ЖОО-ның техникалық-материалдық базасының нашар жабдықталуы, оқып шыққан соң да жақсы жұмысты таба алмауы және басқа да себептер әсер етіп отыр.

Екіншіден, Қытайда білім алу географиялық және экономикалық тұрғыдан да салыстырмалы түрде қол жетімді.

Үшіншіден, екі елдің білім беру саласындағы ынтымақтастықтың қазіргі қажеттілігінің болуы. Мысалы, қазіргі уақытта Қытай Қазақстанда бірнеше ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда және бұл республиканың еңбек нарығында жоқ немесе тапшы осы жобалардың бейіні бойынша түрлі мамандықтағы мамандарды тартуды талап етеді.

Төртіншіден, Қытайдың әлемдегі екінші ірі экономикаға айналуы біздің елдің жастарының сол жерде өздерінің табысты болашағын көргісі келуімен де байланысты. Бәсекеге қабілеттіліктің «Инновация деңгейі/The Innovation capability» көрсеткіші бойынша Қазақстан 95-ші орында болса, Қытай 24-ші орында тұр. Фридрих Август фон Хайек¹ айтқандай: «... қоғамның өркендеуіне шығармашылық, кәсіпкерлік және инновация ықпал етеді деп сенді, бұл тек еркін нарықтары бар қоғамда ғана мүмкін болды» (Науек, 2008). Қалай болмасын, қазақстандық жастардың Қытайда білім алуының пайдалы да, пайдасыз жақтары бар. Пайдалы тұсы – олар шет елде білім алып, тәжірибеден өтіп, Қытайдың Қазақстандағы ірі жобаларына қатыса алады және отандық өндіріс пен ғылымының дамуына үлестерін қоса алады. Ал пайдасыз тұсы – дарындылардың шетке кетуіне негіз болады. Бұл жағдай онсыз да халық саны аз, жылдан жылға шетелге кетушілерде көбейген қазіргі қазақ қоғамы үшін шынында да қауіпті тенденция болып қала береді. Мысалы, 2018 жылы Қазақстаннан шетелге көшіп жатқан отандастарымыздың саны күннен күнге артып жатқанын Алматы телеарнасы хабарлады. Онда «Тек былтырғы жылы 40 мыңға жуық қазақстандық басқа мемлекетке қоныс аударған. Бұл Статистика комитеті беріп отырған ресми мәлімет» делінген 2019 жылы 43 мың адам, 2020 жылдың 9 айында 21 мың адам шетелге көшіп кеткен. Олардың көпшілігі орыс, украин мен неміс ұлтының өкілдері болса, қазақтардың саны да аз емес 37%. Ал осы кеткен 37% басым бөлігі 25 пен 37 жас аралығындағы жастар екен (www.almaty.tv/kz/news).

Қорытынды

Біз жоғарыда Қытайдың ЖІӨ-нің деңгейіне жетеміз бе, бұл мүмкін бе? деген сұрақты қойдық. Егер жастар осылай шетел асып, оқып, сол елде қалып жатса, өзге де жастар өз армандарымен алысып шетел асып кетіп жаста, онда, біздің ЖІӨ-нің Қытаймен теңесуі мүлде мүмкін емес. Қазақстанда экономикалық дамуға, ғылым саласында көшбасшылыққа жетуде мүмкіндік бар. Бірақ төмендегідей тұсауларды жоюымыз қажет. Олар:

¹ Фридрих Август фон Хайек – Фридрих Август фон Хайек (Friedrich August von Hayek; 1899–1992) – ағылшын экономисі, философы, «Либералды экономика және еркін нарық» мектебінің негізін қалаушы. 1974 жылғы Нобелев сыйлығының иегері.

- *Сыбайластық пен жемқорлық;*
- *Мемлекетшілдік идеяның жоқтығы;*
- *Ұзақ уақыттық отаршылдық зардабы;*
- *Шикізат байытуға бейімделген өндіріс;*
- *Қаржы және банк жүйесінің отандық өндірісті қолдамауы;*
- *Аумақтың кеңдігіне сай халық санының аздығы;*
- *Үздіксіз жүріп жатқан девальвация мен инфляция;*
- *Ғылым-білім саласында мемлекеттік қолдаудың төмендігі;*
- *Маман-кадрлардың тапшылығы және т.б. факторлардың әсері.*

Егер мемлекет осы келеңсіздіктерді дер кезінде жоя алатын болса, жоғарыда айтылған мәселелер өздігінен шешімін табар еді. Француз ойшылы, жазушы әрі тарихшысы Вольтердің: *«Мемлекетті құтқару үшін бір ұлы адам болса жеткілікті»* деген қанатты сөзі бар. Себебі, тарихта ел билеген азаматтардың біліктілігі, ел-жұртына деген кіршіксіз көңілі мен махаббаты, мемлекетшілдік ниеті талай дағдарыстарда мемлекетін қиындықтан, күйреуден аман алып қалған, тіпті мемлекетін әлемдік деңгейдегі дамыған елдер қатарына қосып кеткен. Мәселен, АҚШ-та 1930 жылдарда болған ұлы дағдарыс тұсындағы: *«...азат адамдар ғана ақиқатты іздеп, таба алады»* деген сенімді өмірлік серік еткен Франклин Рузвельт және оның экономика кеңесшісі Джон Мейнард Кейнсті¹ айтуға болады. Ол оған дейін халықаралық экономикада үстемдік етіп келе жатқан Адам Смиттің: «экономика абсолютті өзін-өзі реттеу қабілетіне ие болды, мемлекеттің негізгі рөлі еркін нарықтың дамуына кедергі жасамау» делінген көзқарасына қарсы бағытта мемлекеттің нарықтық экономиканы реттеу функциясын енгізді. Бұл теория сол кездегі дағарысты еңсеруде үлкен рөл атқарды (John Maynard Keynes, 1936); Екінші дүниежүзілік соғыстан соң, сол кездегі журналистің сөзімен айтқанда: *«Германия – 40 млн аш-жалаңаш неміс қыбырлап қана жатқан*

¹ Джон Мейнард Кейнс (John Maynard Keynes, 1883-1946), ағылшын экономисі, экономика ғылымындағы кейнстік бағыттың негізін салушы

үлкен қоқыс алаңы еді» – деп суреттелген Германияны бүгінгі деңгейге көтерудің алғашқы негізін қалаған Конрад Аденауэр мен оның экономика министрі Людвиг Эрхардты² айтуға болады. Ол қуатты өндіріс пен экономикалық өсім және халықтың жоғары тұрмыс деңгейі арасында тұрақты әрі оң қарым-қатынас бар деген теориясы қысқа уақыт ішінде неміс экономикасын орнынан тұрғызды (Ludwig Erhard, 2009); Әрі кедей, әрі надан, саяси науқаншылдықтан көз аспаған Қытайды 20 жыл ішінде орташа дамыған елдер деңгейіне жеткізген – Дэн Сяопин: *«...отаныма қызмет ету ғана маған терең қанағат сезімін береді»* – деп бір өмірін Түрік Республикасының сақталып қалуы мен дамуына арнаған Мұстафа Кемал Ататүрік; Жергілікті байырғы халқы өз елінде азшылдыққа әрі кедейлерге айнала бастаған, ұлттық байлық өзгелердің қолында болған Малайзияны жаңа индустриялы елдер қатарына қосқан әрі өмірлік ұстанымын: *«...ұлтымыз бен мемлекетіміздің мүдделерін шетел азаматтарының пайдасына шешеді деп бізден үміт күтпеңіздер»* – деген ұранмен әйгілеген Махатир Мохамад және өзге де көптеген дара тұлғаларды жарқын мысал етуге болады.

Қазақстандағы билік басындағы тұлғалар, президент, премьер-министр, сала министрлері, әр дәрежелі әкімдер мен депутаттар да халқына деген адалдық пен жауапкершілігі жоғары болса, қарапайым халықтың мемлекетшілдік идеясы басым болып, азаматтарының бәсекеге қабілеттілігі де жоғары болар еді. Олай болғанда, Қазақстан дамыған елдер қатарына сөз жоқ өтер еді.

Мақала «Шығыс елдерімен ынтымақтастықты дамыту және өңірлік қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру контекстіндегі Қазақстанның сыртқы саясаты» атты ҚР БҒМ Мақсатты қаржыландыру бағдарламасының зерттеу нәтижелері негізінде орындалды.

² Людвиг Вильгельм Эрхар (Ludwig Wilhelm Erhard, 1897-1977), неміс экономисі, мемлекет қайраткері, 1963-1966 ж. Федеральдық канцлер

Әдебиеттер

- Current World Population. <https://www.worldometers.info/world-population>
- Ekaterina Grigoreva, Liliya Garifova (2015). The economic security of the state: the institutional aspect *Procedia Economics and Finance* 24 266 – 273. ELSEVIER
- Visualizing the Wealth of Nations. <https://www.visualcapitalist.com/map-wealth-of-nations>
- Global Competitiveness Report . <https://www.weforum.org/reports/the-global-competitiveness-report-2010-2020>
- Каймулдинова К., Абдиманапов Б., Әбілмәжінова С.. (2020) «География», 11-сынып оқулығы. – Алматы: Мектеп. – 288б.
- Regional and Country Analysis. http://www.weforum.org/docs/WEF_The Global Competitiveness Report
- Чэнь Чжу, Жоғары оқу орындарының сапасын барынша дамытайық <http://www.npc.gov.cn/zgrdw/npc/zgrdzz/2016-09/18/contenten>
- Fan Pik Shy (2017) *Contemporary China Studies*. Printed by University of Malaya Press, Kuala Lumpur, Malaysia, Volume 4, Number 2, October – 87 p.
- Уан ючинь (2004) *Victim of the Cultural Revolution: An Investigative Account of Persecution, Imprisonment and Murder*. <https://ywang.uchicago.edu/history/victim>
- Қытайдың ғылым саласындағы инвестициясы. <https://m.news.cctv.com/2020/12/01>
- Скиба М.А., Ефимова И.Е. (2018) Болон үдерісінің принциптерін іске асыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық. – Астана: ҚР БЖҒМ Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық орталығы. – 53 б.
- Сәбден О. (2018). Ел мен Елбасына арналған бес ұсыныс. 23 тамыз.- <https://abai.kz>
- ВВП Казахстана сократился на 2,6 % в 2020 году *Inform бюро*. 12,01, 2021 г.
- Regional and Country Analysis. <https://www.weforum.org/reports/the-global-competitiveness-report>
- Statistical Data of Chinese S&T Papers (2020). Chinese Institute of Science and Technology – 29.12.2020 City of Bijin, – 96 p.
- Қазақстан ғылымы: Бүгінгі және ертеңі. *Qazaq-gazeti*, 11,08,2020 ж.
- Жас ғалымдарға жағдай жасалса, *Forbes.kz/news* 18.09.2020
- Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. <https://www.gov.kz>
- Байтасов А.А. (2019) Адами капиталдың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолындағы Қазақстанның Қытайға білім алушылардың артуы. // “Хабаршы”, Педагогика ғылымдары сериясы № 4 (64). – 44-50 б.
- Serikkaliyeva A.E., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B. (2019) Educational migration from Kazakhstan to China: Reality and prospects // *Integration of Education* 23(4), pp.504-517 DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.097.023.201904.504-517>
- Практически все казахстанцы обучаются в китайских вузах за счет Пекина. <https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/prakticheski-vse-kazakhstancy-obuchayutsya-v-kitayskikh-vuzakh-za-schet>
- Гурулева Т.Л. (2017) Система образования в Китайской Народной Республике: структура и основные направления развития / Т. Л. Гурулева // *Высш. образование в России*. – № 7. – С. 152-164.
- Шетелдік студенттерді қабылдау және оқыту жөніндегі әкімшілік шаралар. ҚХР,БМ, СІМ және ПІМ №42 бұйрығы. http://www.moe.gov.cn/srcsite/A02/s5911/moe_621/201705/t20170516_304735.html
- Hayek F.A. (2008) *The Road to Serfdom*. «Routledge» Taylor & Francis Group New York and London. – 7-270 p.
- Шетел ақсқандардың жағдайы қалай? <https://almaty.tv/kz/news> . 25.01.2019 ж.
- John Maynard Keynes. *General theory Employment, Interest, Money*. “Palgrave Macmillan”, UK – 472 p. – 1936 y.
- Ludwig Erhard (2009) *Wohlstand fur alle* (German) Anaconda Verlag. Global Education Network

References

- Current World Population . <https://www.worldometers.info/world-population>
- Ekaterina Grigoreva, Liliya Garifova (2015). The economic security of the state: the institutional aspect *Procedia Economics and Finance* 24 266 – 273. ELSEVIER
- Visualizing the Wealth of Nations. <https://www.visualcapitalist.com/map-wealth-of-nations>
- Global Competitiveness Report . <https://www.weforum.org/reports/the-global-competitiveness-report-2010-2020>
- Kaimyldinova K., Abdmanapov B., Abilmajinova S. “Geografia”, 11 – synyp oqulygy, – Almaty: Mektep, 2020. -288 b.
- Regional and Country Analysis . http://www.weforum.org/docs/WEF_The Global Competitiveness Report
- Chen Chjy, Jogary oqu oryndarynyn sapasyn barynsha damytaiyq// <http://www.npc.gov.cn/zgrdw/npc/zgrdzz/2016-09/18/contenten>
- Fan Pik Shy (2017) *Contemporary China Studies*. Printed by University of Malaya Press, Kuala Lumpur, Malaysia, Volume 4, Number 2, October -87 p.
- Uan Iuchin (2004) *Victim of the Cultural Revolution: An Investigative Account of Persecution, Imprisonment and Murder*. <https://ywang.uchicago.edu/history/victim>
- Qytardyn gylym salasyndagy investisiyasy. <https://m.news.cctv.com/2020/12/01>
- Skiba M.A., Efimova I.E. (2018) Bolon uderisiniin prinsipterin iske asyru jonindegi adistemelik nusqaulyq. – Astana: QR Bjgm Bolon uderisi jane akademialyq utqyrlyq ortalygy. – 53 b.
- Sabden O. (2018). El men Elbasyga arналған бес usynys. 23 тамыз – <https://abai.kz>
- VVP. Kazakstana sokratilsia na 2,6 % v 2020 godu. *Inform biro* . 12,01,2021 g.
- Regional and Country Analysis. <https://www.weforum.org/reports/the-global-competitiveness-report>

- Statistical Data of Chinese S&T Papers (2020). Chinese Institute of Science and Technology – 29.12.2020 City of Bijin, – 96 p. Qazaqstan gylymy: Bugini jane erteni. Qazaq-gazeti, 11,08,2020 j.
- Jas galymdarga jagdai jasalsa. Forbes.kz/news 18.09.2020
- Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. <https://www.gov.kz>
- Baitasov A.A. (2019) Adami kapitaldyń jahandyq basekege qabiletiligin arttyru jolyndagy Qazaqstannyń Qytaıǵa bilim alushylardyn artuy. “Habarshy”, Pedagogika gylymdary seriasy № 4 (64). – 44-50 b.
- Serikkaliyeva A.E., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B (2019) Educational migration from Kazakhstan to China: Reality and prospects // Integration of Education 23(4), pp.504-517 DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.097.023.201904.504-517>
- Prakticheski vse kazakstancy obuchaiutsia v kitaiskix vuzax za sctet Pekina. <https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/prakticheski-vse-kazakhstancy-obuchayutsya-v-kitayskikh-vuzakh-za-schet>
- Guruleva T. L. (2017) Sistema obrazovania v Kitaiskoi Narodnoi Respublike: struktura i osnovnie napravlenia razvitiia // Vyssh. obrazovania v Rossyi, № 7, s. 152–164.
- Sheteldik studentterdi qabyldau jane oqytu jonindegi akimshilik sharalar. QHR,BM, SIM jáne IIM №42 buuryǵy. http://www.moe.gov.cn/srcsite/A02/s5911/moe_621/201705/t20170516_304735.html
- Hayek F.A. (2008) The Roud to Serfdom. “Routledge” Taylor & Francis Group NewYork and London. -7 -270 p.
- Shetel askandardyn zhagdayy kalai? <https://almaty.tv/kz/news> . 25.01.2019 ж.
- John Maynard Keynes. General theory Employment, Interest, Money. “Palgrave Macmillan”,UK – 472 p.-1936 y.
- Ludwig Erhard (2009) Wohlstand fur alle (German) Anaconda Verlag. Global Education Network